

## Су қорғау аймақтары мен белдеулері және оларды шаруашылықта пайдалану режимі туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 201 қаулысы . Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 тамызда № 2356 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 354 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 18.11.2015 № 354 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 134-бабына, «Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы № 42 қаулысына сәйкес, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болдырмау, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілген жобалық құжаттаманың негізінде осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген су нысандары мен су шаруашылығы құрылымдарының су қорғау аймақтарының ені 500 метр және белдеулерінің ені 35 метр болып белгіленсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының су нысандары мен су шаруашылығы құрылымдарының су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық пайдалану режимі белгіленсін.

3. Оңтүстік Қазақстан облысының аудан, қала әкімдері және су қорын пайдалану және қорғау саласында қызметін жүзеге асыратын уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы (Ә.Қарлыханов - келісім бойынша) өз өкілеттіктері шегінде:

1) су қорғау аймақтары мен белдеулерін пайдалану режимінің сақталуын қамтамасыз етсін;

2) жер үсті суларының ластануы мен сарқылуын болдырмау, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау үшін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген су нысандары мен су шаруашылығы құрылымдарын санитарлық-гигиеналық және экологиялық

талаптарға сай келетін күйде ұстау жөнінде кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

4. Оңтүстік Қазақстан облысының аудан, қала әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен су қорғау белгілерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

5. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә.Ә. Бектаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *А.Мырзахметов*  
 Оңтүстік Қазақстан облысы  
 әкімдігінің 2013 жылғы «30» шілдедегі  
 № 201 қаулысына 1-қосымша

## Оңтүстік Қазақстан облысының су қорғау аймақтары мен белдеулері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 19.08.2014 № 265 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Су нысандары мен су шаруашылығы құрылымдарының атауы	Аудан, қалалар атауы	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы	Су қорғау аймағы белдеулерінің ұзындық шакырым
1	Арыс өзені	Түлкібас	Жаскешу ауылдық округі	5,8
			Балықты ауылдық округі	6,2
			Машат ауылдық округі	9,8
			Шақпақ ауылдық округі	12,2
			Ақби ауылдық округі	12,4
			Ванновск ауылдық округі	5,6
			Т.Рысқұлов ауылдық округі	6,3
			Мичурин ауылдық округі	5,7
1	Арыс өзені	Арыс	Арыс қаласы	4,8
			Ақдала ауылдық округі	15,2
		Ордабасы	Қараспан ауылдық округі	17,7
			Қажымұқан ауылдық округі	22,3
		Отырар	Қарақоңыр ауылдық округі	30
	Арыс ауылдық округі	10,7		

		Сайрам	Құтарыс ауылдық округі	13,3
2	Келес өзені	Сарыағаш	Жүзімдік ауылдық округі	8,3
			Бірлесу ауылдық округі	6,7
			Ақжар ауылдық округі	5,3
			Қызылжар ауылдық округі	9,7
			Ақтөбе ауылдық округі	40
		Қазығұрт	Шарапхана ауылдық округі	4,3
			Қарабау ауылдық округі	12,7
			Жаңабазар ауылдық округі	13
3	Бадам өзені	Ордабасы	Қараспан ауылдық округі	8,4
			Бөржар ауылдық округі	20,1
			Бадам ауылдық округі	44,5
		Сайрам	Қаратөбе ауылдық округі	5,1
			Жұлдыз ауылдық округі	16,9
		Төлеби	Қазығұрт ауылдық округі	20,2
			Бірінші май ауылдық округі	9,8
Шымкент	Шымкент қаласы	13		
4	Ақсу өзені	Сайрам	Қарасу ауылдық округі	2,9
			Көлкент ауылдық округі	13,8
			Қарабұлақ ауылдық округі	8,4
			Ақбұлақ ауылдық округі	5,7
			Ақсу қаласы	0,9
			Құтарыс ауылдық округі	1,3
		Төлеби	Жоғарғы Ақсу ауылдық округі	9
5	Ұясай өзені	Қазығұрт	Жігерген ауылдық округі	6,3
			Жаңабазар ауылдық округі	28,7
6	Қаржансай өзені	Қазығұрт	Рабат ауылдық округі	13
			Алтынтөбе ауылдық округі	22
7	Жабағылы өзені	Түлкібас	Ақби ауылдық округі	5,6
			Жабағылы ауылдық округі	17,7
			Шакпақ ауылдық округі	6,7
8	Құлан өзені	Түлкібас	Ванновский ауылдық округі	5,6
			Ақбиік ауылдық округі	9,4
9	Машат өзені	Түлкібас	Келтемашат ауылдық округі	29,2
			Жібек-жолы ауылдық округі	4,3
			Машат ауылдық округі	11,5
10	Келтемашат өзені	Түлкібас	Келтемашат ауылдық округі	15
			Қайнарбұлақ ауылдық округі	8,1

11	Қызылсу өзені	Сайрам	Карасу ауылдық округі	6,3
			Сайрам ауылдық округі	5,6
12	Боралдай өзені	Бәйдібек	Боралдай ауылдық округі	21,5
			Ақбастау ауылдық округі	5,8
13	Шұбарсу өзені	Ордабасы	Қажымұқан ауылдық округі	35,7
		Сайрам	Шұбар ауылдық округі	21,3
14	Бөржар өзені	Ордабасы	Қайнарбұлақ ауылдық округі	6,7
			Бөржар ауылдық округі	30
15	Бөген өзені	Бәйдібек	Ақбастау ауылдық округі	9,8
			Бөген ауылдық округі	39,9
			Дермене ауылдық округі	4,3
		Ордабасы	Бөген ауылдық округі	49,8
		Отырар	Шілік ауылдық округі	23,4
Ақтөбе ауылдық округі	16,3			
16	Шаян өзені	Бәйдібек	Бөген ауылдық округі	12,9
			Алғабас ауылдық округі	14,8
			Жамбыл ауылдық округі	25,7
			Шаян ауылы	5
		Ордабасы	Ағыбет ауылдық округі	22,4
		Отырар	Төрткөл ауылдық округі	17,8
17	Біркөлік өзені	Төлеби	Шілік ауылдық округі	6,4
			Алатау ауылдық округі	9
18	Ленгерка өзені	Төлеби	Ленгір қаласы	7
			Аққұм ауылдық округі	6
19	Тоғыс өзені	Төлеби	Қазығұрт ауылдық округі	5,7
			Зертас ауылдық округі	9,1
			Аққұм ауылдық округі	10,9
			Алатау ауылдық округі	9,8
20	Доңғызтау өзені	Төлеби	Алатау ауылдық округі	13,8
			Бірінші мамыр ауылдық округі	9,2
21	Сайрамсу өзені	Төлеби	Көксәйек ауылдық округі	22,4
			Қасқасу ауылдық округі	15,5
			Қоғалы ауылдық округі	3,3
			Зертас ауылдық округі	15
		Сайрам	Ақбұлақ ауылдық округі	2,9
Сайрам ауылдық округі	7,1			
22	Балдыбрек өзені	Төлеби	Тасарық ауылдық округі	8,9
			Қаратөбе ауылдық округі	27,1

23	Қара-су өзені	Шымкент	Шымкент қаласы	5,4
24	Қошқар-Ата өзені	Шымкент	Шымкент қаласы	13
25	Қызқұдық өзені	Сарыағаш	Дарбаза ауылдық округі	12,5
26	Жіңішке-сай өзені	Қазығұрт	Шарапхана ауылдық округі	13,4
			Қарабайсай ауылдық округі	12,1
27	Тастақсай өзені	Қазығұрт	Шарбұлақ ауылдық округі	10,3
			Тұрбат ауылдық округі	14,7
28	Қарабайсай өзені	Қазығұрт	Алтынтөбе ауылдық округі	14,1
			Қарабау ауылдық округі	5,9
			Шарбұлақ ауылдық округі	15
29	Көкпарсай өзені	Қазығұрт	Қызылқия ауылдық округі	21,8
			Қақпақ ауылдық округі	8,7
30	Аленсай өзені	Сарыағаш	Әлімтау ауылдық округі	14,5
31	Құрықсай өзені	Сарыағаш	Дарбаза ауылдық округі	18
32	Қамыссалдысай өзені	Сарыағаш	Бірлік ауылдық округі	5,6
			Дарбаза ауылдық округі	23,9
33	Құрық-келес өзені	Сарыағаш	Құрықкелес ауылдық округі	7,2
			Тегісшіл ауылдық округі	4,8
			Біргілек ауылдық округі	7,5
			Ошақты ауылдық округі	18,4
			Бірлік ауылдық округі	57,1
34	Көк-бұлақ өзені	Түлкібас	Жаскешу ауылдық округі	9,4
			Балықты ауылдық округі	22,6
35	Қарағашты өзені	Түлкібас	Арыс ауылдық округі	10
36	Кіші Қарағашты өзені	Түлкібас	Арыс ауылдық округі	19
37	Үрбұлақ өзені	Түлкібас	Балықты ауылдық округі	3,3
			Жаскешу ауылдық округі	11,7
38	Қаржантақсай өзені	Түлкібас	Балықты ауылдық округі	24
39	Құртұрған өзені	Бәйдібек	Боралдай ауылдық округі	2,6
		Түлкібас	Арыс ауылдық округі	20,6
			Састөбе ауылдық округі	4,5
			Машат ауылдық округі	2,3
40	Көмеш Бұлақ өзені	Сайрам	Қайнарбұлақ ауылдық округі	23,8
		Ордабасы	Шұбар ауылдық округі	2,7
41	Құтырған өзені	Бәйдібек	Боралдай ауылдық округі	20,4
		Сайрам	Құтарыс ауылдық округі	17,1
42	Бала-Боралдай өзені	Бәйдібек	Боралдай ауылдық округі	18,5
43	Ақсай өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	40

44	Бозбұлақ өзені	Бәйдібек	Алмалы ауылдық округі	11,5
45	Балабөген өзені	Бәйдібек	Ақбастау ауылдық округі	28,1
			Борлысай ауылдық округі	40,4
46	Ақтас өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	30
47	Жетікұдық өзені	Бәйдібек	Алғабас ауылдық округі	8,8
			Жамбыл ауылдық округі	39,2
48	Кабумая өзені	Ордабасы	Бөржар ауылдық округі	22,1
		Арыс	Арыс қаласы	11,4
49	Наут-Сай өзені	Төлеби	Қасқасу ауылдық округі	11,6
			Тасарық ауылдық округі	1,9
50	Текесу өзені	Төлеби	Кемеқалған ауылдық округі	25,4
		Сайрам	Жұлдыз ауылдық округі	3,6
51	Жамантас өзені	Түркістан	Сауран ауылдық округі	31,2
52	Қантаги өзені	Түркістан	Ораңғай ауылдық округі	18,2
			Иасы ауылдық округі	28,8
		Кентау	Қантаги ауылдық округі	10,3
			Кентау қаласы	3
			Қарнак ауылдық округі	9,7
53	Қарашық өзені	Түркістан	Үшқайық ауылдық округі	20,2
			Қарашық ауылдық округі	28,8
			Ораңғай ауылдық округі	33
		Кентау	Қарнак ауылдық округі	6,1
			Баялдыр ауылдық округі	5,8
			Кентау қаласы	7,3
54	Жүзімсай өзені	Қазығұрт	Жаңабазар ауылдық округі	1,7
			Жігерген ауылдық округі	14,3
55	Жоғарысай өзені	Қазығұрт	Көкібел ауылдық округі	19,9
		Төлеби	Бірінші май ауылдық округі	5,6
56	Сауық-Бұлақ өзені	Қазығұрт	Жаңабазар ауылдық округі	16
		Төлеби	Бірінші май ауылдық округі	4
57	Ащысай өзені	Сарыағаш	Бірлік ауылдық округі	7,4
			Ошақты ауылдық округі	46,6
58	Манглай-Қызылсай өзені	Сарыағаш	Жылға ауылдық округі	14
59	Қапатты-Қызылсай өзені	Сарыағаш	Жылға ауылдық округі	18,5
60	Қамышшы-сай өзені	Сарыағаш	Дарбаза ауылдық округі	11,1
			Әлімтау ауылдық округі	9,4
61	Керекті-сай өзені	Сарыағаш	Жылға ауылдық округі	4,3
			Әлімтау ауылдық округі	8,2

62	Тасқұдық өзені	Сарыағаш	Дарбаза ауылдық округі	15,3
			Ошақты ауылдық округі	17,7
63	Кезентас өзені	Сарыағаш	Қызылжар ауылдық округі	9,6
			Жылға ауылдық округі	5,4
64	Ақбетсай өзені	Сарыағаш	Біртілек ауылдық округі	6,2
			Бірлік ауылдық округі	23,3
65	Жылға өзені	Сарыағаш	Жылға ауылдық округі	12,7
			Жібек-жолы ауылдық округі	4,5
			Қызылжар ауылдық округі	6,3
66	Шымырбексай өзені	Сарыағаш	Жылға ауылдық округі	31
67	Кіші Көкбұлақ өзені	Түлкібас	Жаскешу ауылдық округі	3,3
			Мичурин ауылдық округі	10,7
68	Жыланды өзені	Түлкібас	Балықты ауылдық округі	3,4
			Жаскешу ауылдық округі	10,7
			Мичурин ауылдық округі	6,1
			Т.Рысқұлов ауылдық округі	4,8
69	Дудаба өзені	Түлкібас	Келтемашат ауылдық округі	15
70	Сарыбұлақ өзені	Түлкібас	Машат ауылдық округі	10
		Бәйдібек	Боралдай ауылдық округі	19
71	Еңбекшісай өзені	Бәйдібек	Алғабас ауылдық округі	9
72	Талдыбұлақ өзені	Бәйдібек	Қайнарбұлақ ауылдық округі	14,5
73	Аулысуит өзені	Бәйдібек	Борлысай ауылдық округі	10
74	Ортасүт өзені	Бәйдібек	Борлысай ауылдық округі	19,5
75	Аясуит өзені	Бәйдібек	Борлысай ауылдық округі	15
76	Ұзынқұдық өзені	Бәйдібек	Алғабас ауылдық округі	13,2
			Жамбыл ауылдық округі	51,8
77	Қошқар-Ата өзені	Бәйдібек	Ақбастау ауылдық округі	4
			Борлысай ауылдық округі	50
78	Көктерек өзені	Бәйдібек	Көктерек ауылдық округі	14
79	Көксу-шаян өзені	Бәйдібек	Ағыбет ауылдық округі	14,5
80	Майбұлақ өзені	Бәйдібек	Ағыбет ауылдық округі	20
81	Айбек өзені	Бәйдібек	Борлысай ауылдық округі	5,8
			Ағыбет ауылдық округі	18,2
82	Шаянкұрықсай өзені	Бәйдібек	Алғабас ауылдық округі	17,3
			Шаян ауылы	2,2
83	Қызыл-бұлақ өзені	Бәйдібек	Алғабас ауылдық округі	20,5
84	Шауксай өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	4,1
			Жамбыл ауылдық округі	23,4

85	Достан өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	22
86	Соқасу өзені	Түркістан	Шаға ауылдық округі	20,9
			Жүйнек ауылдық округі	11,3
			Жаңа Иқан ауылдық округі	32,3
87	Көкқия өзені	Түркістан	Ескі Иқан ауылдық округі	12,4
			Жаңа Иқан ауылдық округі	39,9
		Кентау	Ащысай ауылдық округі	15,2
88	Құрсай өзені	Түркістан	Шаға ауылдық округі	67,7
89	Яны-Курган өзені	Түркістан	Бабайқорған ауылдық округі	46,6
90	Ақтөбе өзені	Түркістан	Бабайқорған ауылдық округі	55,6
			Шорнақ ауылдық округі	25,8
91	Бозбұлақ өзені	Түркістан	Бабайқорған ауылдық округі	3,8
		Кентау	Қарнақ ауылдық округі	13,8
92	Баялдыр өзені	Түркістан	Бабайқорған ауылдық округі	4,8
93	Желбұлақсай өзені	Қазығұрт	Шарапхана ауылдық округі	9
94	Қайнар өзені	Қазығұрт	Шанақ ауылдық округі	9
95	Жалпақсусай өзені	Қазығұрт	Жігерген ауылдық округі	8,3
			Рабат ауылдық округі	2,2
96	Талдыбұлақ өзені	Қазығұрт	Шарапхана ауылдық округі	10,5
97	Құрлыбайсай өзені	Қазығұрт	Жаңабазар ауылдық округі	15
98	Сарыбұлақсай өзені	Қазығұрт	Шарбұлақ ауылдық округі	15
99	Ұзынбұлақ өзені	Қазығұрт	Қызылқия ауылдық округі	11,2
		Сарыағаш	Жылға ауылдық округі	14,8
100	Қорданбайсай өзені	Сарыағаш	Әлімтау ауылдық округі	12,6
			Дарбаза ауылдық округі	19,9
101	Кеземшексай өзені	Сарыағаш	Шеңгелді ауылдық округі	10,8
			Жылға ауылдық округі	9,2
102	Ақдала өзені	Сарыағаш	Шеңгелді ауылдық округі	10
103	Сымбыла өзені	Төлеби	Көксәйек ауылдық округі	9,5
104	Арыстанды өзені	Бәйдібек	Ағыбет ауылдық округі	7,2
			Алғабас ауылдық округі	50,1
			Жамбыл ауылдық округі	47,7
105	Садық өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	75
106	Мырзагелді өзені	Бәйдібек	Алғабас ауылдық округі	9,8
			Мыңбұлақ ауылдық округі	3,7
107	Сасықсай өзені	Бәйдібек	Көктерек ауылдық округі	16,6
			Ақбастау ауылдық округі	13,6
			Жамбыл ауылдық округі	9,5



			Бөген ауылдық округі	7,3	
108	Мыңшабыр өзені	Бәйдібек	Алмалы ауылдық округі	14	
109	Шылбыр өзені	Түркістан	Жаңа Иқан ауылдық округі	50	
110	Шамқалақ өзені	Бәйдібек	Алғабас ауылдық округі	11	
111	Шанақ өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	9,5	
112	Аширбайсай өзені	Бәйдібек	Алмалы ауылдық округі	12,5	
113	Басынгу өзені	Бәйдібек	Борлысай ауылдық округі	12,5	
114	Елбексай өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	16,5	
115	Қотыр өзені	Бәйдібек	Боралдай ауылдық округі	10,5	
116	Төбекұдық өзені	Бәйдібек	Алғабас ауылдық округі	12,5	
117	Алмалы өзені	Бәйдібек	Борлысай ауылдық округі	3	
			Алмалы ауылдық округі	13,5	
118	Қаратас өзені	Бәйдібек	Ағыбет ауылдық округі	14	
119	Тесіктас өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	14	
120	Қызылсай өзені	Бәйдібек	Боралдай ауылдық округі	14,5	
121	Бестоғай өзені	Бәйдібек	Мыңбұлақ ауылдық округі	30,5	
122	Балықты-су өзені	Түлкібас	Балықты ауылдық округі	7	
123	Керей өзені	Түлкібас	Балықты ауылдық округі	7	
124	Текесу тоғаны	Төлеби	Кемеқалған ауылдық округі	2,6	
125	Шілтер тоғаны	Төлеби	Қазығұрт ауылдық округі	1,8	
126	Ұзынбұлақ тоғаны	Төлеби	Киелітас ауылдық округі	2,3	
127	Ащы тоғаны	Төлеби	Бірінші мамыр ауылдық округі	1,5	
128	Тоғыс тоғаны	Төлеби	Қазығұрт ауылдық округі	3,1	
129	Бадам тоғаны	Төлеби	Қазығұрт ауылдық округі	9,3	
130	Қызылкөл көлі	Созақ	Құмкент ауылдық округі	19,4	
131	Шардара су қоймасы	Шардара	Жаушықұм ауылдық округі	14	
			Шардара қаласы	16,2	
		Мақтарал	Қызылқұм ауылдық округі	14,7	
			Абай ауылдық округі	8,4	
			Ділдәбеков ауылдық округі	10,8	
			Мақтарал ауылдық округі	8,6	
			Жамбыл ауылдық округі	6,5	
		Сарыағаш	Арай ауылдық округі	8	
			Бірлік ауылдық округі	57	
132	Бөген тоғаны	Ордабасы	Бөген ауылдық округі	8,4	
			Бәйдібек	Бөген ауылдық округі	19
			Арыс	Дермене ауылдық округі	13,2

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2013 жылғы «30» шілдедегі  
№ 201 қаулысына 2-қосымша

## **Оңтүстік Қазақстан облысының су нысандары мен су шаруашылығы құрылымдарының су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық пайдалану режимі**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 19.08.2014 № 265 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 125-бабына сәйкес су қорғау белдеулері шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 125-бабына сәйкес су қорғау аймағы шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға

б е р у г е ;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді о р н а л а с т ы р у ғ а ;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

## **Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының ТІЗБЕСІ**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 384 «Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласындағы Қошқар-Ата, Қарасу өзендерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері және олардың шаруашылық пайдалану режимі туралы» қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1970-нөмірмен тіркелген, 2008 жылғы 5 қаңтарда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған).

2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қыркүйектегі № 324 «Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент, Арыс қаласы және Сайрам, Төлеби, Сарыағаш, Қазығұрт, Түлкібас, Ордабасы, Бәйдібек, Отырар, Созақ аудандарының Бадам, Арыс, Ақсу, Келес, Машат, Боралдай, Шаян, Сайрамсу, Бөржар өзендерінің, Қызылкөл, Көлкент көлдерінің, Текесу, Шілтер, Ұзынбұлақ, Ащы, Тоғыс, Бөген, Бадам тоғандарының және Шардара, Мақтаарал, Сарыағаш аудандарындағы Шардара су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулері және олардың шаруашылық пайдалану режимі туралы» қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2038-нөмірмен тіркелген, 2010 жылғы 14 қазанда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған).

3. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 314 «Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек, Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Түлкібас, Төлеби аудандарындағы су қорғау аймақтары мен белдеулері және олардың шаруашылық пайдалану режимі туралы» қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2066-нөмірмен тіркелген, 2012 жылғы 10 қаңтарда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған).

4. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 48 «Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек, Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Түлкібас, Төлеби аудандарындағы су қорғау аймақтары мен белдеулері және олардың шаруашылық пайдалану режимі туралы қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2071-нөмірмен тіркелген, 2012 жылғы 29 наурызда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған).

